Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	"Астана қаласы "Сарайшық" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	"Астана қаласы "Сарайшық" ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 17973635-1
Конкурстың атауы:	Компьютерлік/перифериялық ұйымдастыру техникасына/жабдықтарға және олардың бөліктеріне техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер
Лоттың нөмірі:	№ 85226112-ОК1
Лоттың атауы	Компьютерлік/сырттағы кеңсе техникасын/жабдықтарын және оларды бөліктерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	951110.000.000003
Қызметтің атауы:	Компьютерлік/сырттағы кеңсе техникасын/жабдықтарын және оларды бөліктерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	4181034.48
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	4181034.48
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	

Қызмет көрсету мерзімі	Қызметтерді көрсету мерзімі: ай сайын қажеттілік бойынша 2026 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	2

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	1. Жалпы мәліметтер 1.1. Осы техникалық ерекшелік Астана қаласы «Сарайшық» ауданы әкімінің аппараты инфрақұрылымының компьютерлік және перифериялық жабдықтарына техникалық сүйемелдеу көрсету жөніндегі қызметтерге қойылатын талаптарды айқындайды (бұдан әрі – АКТ қызметтері). 1.2. АКТ қызметтерін көрсету процесінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге Әкімдіктің қажетті ішкі құжаттарына, оның ішінде Астана қаласы «Сарайшық» ауданы әкімінің аппаратының ақпараттық қауіпсіздік саясатына, сондай-ақ нормативтік-анықтамалық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді. 1.3. Қызметтерге жедел ден қоюды және қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында Жеткізуші Тапсырыс берушінің объектісінде, серверлік бөлме мен телекоммуникациялардың орталық торабы орналасқан жерде, мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 29/2, АКТ-ны техникалық сүйемелдеу бойынша кемінде 2 маманның (техникалық қолдаудың бірінші желісі), оның ішінде желілік және серверлік жабдықтарға қызмет көрсету бойынша кемінде 2 маманның тұрақты болуын қамтамасыз етуі тиіс. 1.4. Жеткізуші Тапсырыс берушінің талабы бойынша техникалық консультациялар мен сараптамалық қорытындылар ұсынуы тиіс. 1.5. Жеткізуші демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, АКТ қызметтерінің күн сайын тәулік бойы үздіксіз көрсетілуіне кепілдік беруге және техникалық қолдау қызметінің болуын қамтамасыз етуге тиіс. 1.6. Жеткізуші Тапсырыс берушіде бар құралдар арқылы Әкімдіктің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына тәулік бойы мониторинг жүргізуді, сондай-ақ демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, тәуліктің кез келген уақытында іркілістер мен ақауларды жедел жоюды қамтамасыз етуі тиіс. 1.7. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Жеткізуші Астана қаласы «Сарайшық» ауданы әкімінің аппаратының ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға аудит жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынуы тиіс. 1.8. Жеткізуші маманының Тапсырыс берушінің орналасқан жеріне келу уақыты белгіленген регламенттік уақыттан аспауға тиіс. 1.9. Әкімдіктің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымында іркілістер туындаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге туындаған мәселе туралы жедел хабарлауға тиіс. 1.10. Тапсырыс беруші қосымша бағдарламалық-аппараттық кешенді, бағдарламалық қамтамасыз етуді және жабдықты пайдалануға енгізген кезде Жеткізуші Тапсырыс беруші тарапынан қосымша шығындарсыз оларға техникалық сүйемелдеу көрсетуді қамтамасыз етуі тиіс. 1.11. Профилактикалық жұмыстар компьютерлік жабдықты қоспағанда, жұмыс уақытынан тыс және/немесе демалыс күндері жүргізілуі тиіс. Компьютерлік жабдыққа профилактикалық жұмыстар Тапсырыс берушімен келісу бойынша жұмыс уақытында жүргізілуі тиіс. 2. АКТ қызметтерінің құрамы мен мазмұнына қойылатын талаптар 2.1. Коммутациялық және телекоммуникациялық жабдықтарға техникалық сүйемелдеу көрсету жөніндегі қызметтерге қойылатын талаптар 2.1.1. Коммутациялық және телекоммуникациялық жабдықтарға, сондай-ақ Астана қаласы «Сарайшық» ауданы әкімінің аппаратына техникалық сүйемелдеу

	Әкімдіктің серверлік бөлмесі мен телекоммуникациялардың орталық торабы орналасқан мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Астана қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 29/2. 2.1.2. Техникалық сүйемелдеу шеңберіне телекоммуникациялық жабдықтарға, операциялық жүйелерге, виртуалдандыру жүйелеріне және резервтік көшіру жүйелеріне қызмет көрсету кіреді. 2.1.3. Жеткізуші жабдықтардың істен шығуға төзімділігін арттыру мақсатында телекоммуникациялық және коммутациялық жабдықтарды баптау бойынша қажетті жұмыстарды жүргізуі тиіс. 2.1.4. Коммутациялық және телекоммуникациялық жабдықтарды сүйемелдеу жөніндегі қызметтерге мыналар кіруге тиіс: - коммутациялық және телекоммуникациялық жабдықтарға техникалық қолдау көрсету және әкімшілендіру; - коммутациялық және телекоммуникациялық жабдықтарға профилактикалық қызмет көрсету. 2.1.4.1. Коммутациялық және телекоммуникациялық жабдықтарға техникалық қолдау көрсету және әкімшілендіру шеңберінде Жеткізуші мынадай жұмыстарды орындауы тиіс: - операциялық жүйе параметрлерін оңтайландыру; - файлдық жүйенің тұтастығын тексеру; - өнімділікті тексеру; - диагностика жүргізу; - дерекқорды басқару жүйесінің параметрлерін оңтайландыру; - ресурстар мен оқиғаларға аудит жүргізу; операциялық жүйелердің, дерекқорлардың, жалпы жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің өзекті жаңартуларын орнату. Жаңартулардың дұрыс орнатылуын алдын ала тестілеу Астана қаласы «Сарайшық» ауданы әкімінің аппаратының ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес жүргізіледі (Тапсырыс берушіде өндірушінің осындай мүмкіндік беретін лицензиялары немесе жазылымдары болған жағдайда). 2.1.4.2. Коммутациялық және серверлік жабдықтарға профилактикалық қызмет көрсету шеңберінде Жеткізуші мынадай жұмыстарды орындауы тиіс: жабдықты шаңнан тазарту үшін сығылған ауамен үрлеу; - қажет болған жағдайда, тазалауға арналған дискета/CD-диск арқылы дисковод пен CD-ROM жетегін тазалау; - корпустар мен алынбалы қақпақтардағы ластануларды кетіру; - түйіспелерді спиртпен тазалау; - жабдық бөлшектеріне еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін жекелеген тораптарды, механизмдер мен платаларды шешіп алу; - техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес жекелеген тораптар мен механизмдерді майлау және тазалау; - бөлшектердің, тораптардың, электрондық платалар мен перифериялық құрылғылардың техникалық жай-күйін көзбен шолып тексеру; - шешіп алынған тораптарды, механизмдер мен платаларды орнына орнату; - қажет болған жағдайда антивирустық бағдарламалардың нұсқаларын жаңарту; - вирустардың бар-жоғын тексеру және қажет болған жағдайда оларды жою; - жүйелік аймақты пайдаланушы файлдарынан тазарту; - техникалық электрлік параметрлер бойынша реттеулерді тексеру және қалпына келтіру. 2.2. Әкімдіктің IP-телефония жабдықтарын техникалық қолдау және әкімшілендіру жөніндегі қызметтерге қойылатын талаптар 2.2.1. Астана қаласы «Сарайшық» ауданы әкімінің аппаратының IP-телефония жабдықтарына техникалық қолдау көрсету және әкімшілендіру Әкімдіктің серверлік бөлмесі мен телекоммуникациялардың орталық

	торабы орналасқан жерде, сондай-ақ клиенттік жабдықтар орналасқан жерде, режимдік үй-жайларды қоспағанда, мына мекенжай бойынша жүзеге асырылуы тиіс: Астана қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 29/2. 2.2.2. Астана қаласы Әкімдігінің IP-телефония жабдықтарына техникалық қолдау көрсету және әкімшілендіру жөніндегі қызметтерге мыналар кіруге тиіс: - IP-телефония жабдықтарына техникалық қолдау көрсету және оларды баптау; - IP-телефония жабдықтарын әкімшілендіру; - жалпы пайдаланылатын телефон желісіне қосылған дауыстық шлюзге техникалық қолдау көрсету (бұдан әрі – ЖПТЖ). - IP-телефония жабдықтары мынадай құрамдас бөліктерден тұрады: - IP-АТС телефония жүйесі; ЖПТЖ-ға қосылған дауыстық шлюздер. 2.2.3. Жеткізуші мынадай негізгі басқару функцияларын орындауы тиіс: - телефондық қосылыстарды орнатуды басқару; - ыңғайлы графикалық интерфейс арқылы IP-телефония жүйесін баптау және басқару, оның ішінде IP-телефондарды, шлюздерді, нөмірлеу жоспарын баптау, жүйенің жұмыс істеуі туралы статистикалық ақпаратты жинау және талдау және т.б. (жүйені орталықтандырылған, сондай-ақ қашықтан баптау мүмкіндігі көзделуге тиіс); корпоративтік IP-телефония жүйесінде пайдаланушыларға арналған қосымша функцияларды баптау, оның ішінде аудиоконференцияларды қолдау, LDAP хаттамасы негізінде абоненттердің корпоративтік каталогымен интеграциялау және басқалар; - нөмірлеу жоспары мен телефон қоңырауларын маршрутизациялау қағидаларын баптау, оның ішінде: құрылғылардың әртүрлі топтары үшін әртүрлі нөмірлеу жоспарларын құру; - белгіленген құрылғылардың белгілі бір телефон нөмірлеріне қол жеткізуін шектеу (мысалы, абоненттердің жекелеген топтары үшін қалааралық телефон байланысына тыйым салу); - телефон қосылысын маршрутизациялау туралы шешім қабылдау процесінде қоңырау шалушы және шақырылатын абонент нөмірлерін өзгерту параметрлерін баптау; - қоңырауларды тарату топтарын құру (Huntgroups, Huntlists); - CallManager кластері ішінде, сондай-ақ кластерлер арасында бейне және дауыстық қоңырауларды орналастыру үшін өткізу жолағын пайдалануды бақылау (Call Admission Control); - басымдық деңгейлері бірнешеу болатын басым қоңырауларды орнату мүмкіндігін баптау, сондай-ақ басымдығы төмен қоңырауларды басымдығы жоғары қоңыраулармен ығыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету (MLPP функциясы); - жүйенің өнімділік параметрлерін арттыру мүмкіндігін және CallManager кластеріне қосылатын телефондар мен өзге де құрылғылардың рұқсат етілген ең жоғары санын баптау; - кластер ішінде пайдаланушы функцияларын қолдаудың ашықтығын қамтамасыз ету; - негізгі функционалдық компоненттерді, оның ішінде CallManager серверлері мен дауыстық шлюздерді резервтеуді қолдау; - телефон үшін негізгі CallManager серверімен байланыс үзілген жағдайда IP-телефонның резервтік CallManager серверлерінің біріне автоматты түрде қайта тіркелуін баптау; - бейнеқоңырауларды қолдау; - жүйені орталықтандырылған түрде баптау және басқару үшін графикалық веб-интерфейсті баптау, жүйені қашықтан әкімшілендіру мүмкіндігін қамтамасыз ету; жүйені

	әкімшілендіруге арналған көпдеңгейлі қол жеткізу құқықтары жүйесін қолдау, сондай-ақ әкімшілердің жүйеге қол жеткізу журналын жүргізу; - жүйені мониторингтеу және биллинг міндеттерін шешу үшін кейіннен пайдаланылуы мүмкін телефон қосылыстары туралы статистикалық ақпаратты жинау (CDR және CMR); - жүйенің кіріктірілген мониторинг құралдарын, сондай-ақ жөндеу ақпаратын жинау және қарау құралдарын баптау; аудиоконференцияларды қолдауға арналған бағдарламалық компонентті баптау; - қоңырауды ұстап тұру кезінде музыканы ойнатуды қамтамасыз ететін бағдарламалық компонентті баптау (Music-on-Hold Server); - бір телефон аппаратында бірнеше телефон желісін баптау; - бірнеше телефон аппаратының бір нөмірді (желіні) бірлесіп пайдалану мүмкіндігін баптау (Shared Line функциясы); - телефон қоңырауын ұстап тұру функциясын (Hold) баптау, ұстап тұру режиміндегі қоңыраулар үшін музыканы (Music on Hold) немесе дыбыстық сигналды (Tone on Hold) ойнату мүмкіндігін қамтамасыз ету; - қоңырауды сөзсіз, «бос емес» сигналы бойынша немесе абонент белгіленген уақыт ішінде жауап бермеген жағдайда қайта бағыттау; - телефон аппаратында конференцияға қатысушылар тізімін қарау және қатысушыны жою мүмкіндігін баптау; - бұрын орнатылған бірнеше телефон қосылысын біріктіру функциясын баптау (Join); - орнатылған телефон қосылысына қосылу функциясын баптау (Barge); - телефон қосылысына үшінші тұлғалардың қосылу мүмкіндігін болдырмайтын жеке сөйлесу режимін қосу/өшіру мүмкіндігін баптау; - жылдам теру функциясын баптау (Speed Dial); - нөмірді қайта теру функциясын баптау (Redial); - абонент желісі бос болмаған немесе абонент жауап бермеген жағдайда кері қоңырау шалу функциясын баптау (CallBack); - телефон қоңырауларын ұстап алу функциясын баптау (CallPickup, GroupCallPickup); - телефон қосылысына автоматты түрде жауап беру функциясын баптау (AutoAnswer), бұл ретте дауыс гарнитураға немесе дауыс зорайтқышқа автоматты түрде беріледі; - телефон қосылысы туралы ақпаратты индикациялауды баптау; телефон аппаратынан телефон анықтамалықтарына қол жеткізуді баптау. Мынадай телефон анықтамалықтарына қолдау көрсетілуі тиіс: - осы IP-телефон аппараты үшін қабылданбаған қоңыраулар анықтамалығы; - осы телефон аппараты арқылы бұрын жасалған қоңыраулар анықтамалығы; - осы телефон аппараты арқылы бұрын қабылданған қоңыраулар анықтамалығы; - корпоративтік телефон анықтамалығы; - абоненттің жеке телефон анықтамалығы; - Extension Mobility функциясын баптау – енгізілген пайдаланушы аты мен құпиясөз негізінде IP-телефон параметрлерін динамикалық түрде баптау мүмкіндігі. Көрсетілген пайдаланушы аты мен құпиясөзге сәйкес телефонға телефон нөмірі, жылдам теру батырмаларының (Speed Dial) параметрлері, сервистердің параметрлері және т.б. автоматты түрде тағайындалады; - телефон аппаратын пайдалану жөніндегі кіріктірілген нұсқаулықты баптау; - абонентке арналған графикалық веб-интерфейсті баптау. Оның көмегімен абонент, мысалы, өз телефонының белгілі бір желісі үшін барлық қоңырауларды қайта бағыттауды (Call

	Forward All) баптай алады, сервистерге жазыла алады, жеке жазба кітапшасын баптай алады және т.б.; - абоненттердің талабы бойынша телефон аппараттарын жедел бағдарламалау: есептік жазбаны ауыстыру, қоңырау шалу шығысының санатын тағайындау, аппаратты ауыстыру, PIN-код тағайындау, BLF функциясын баптау; телефон аппараттарының тікелей қол жеткізу батырмалары мен кеңейту модульдерін бағдарламалау. 2.2.4. IP-телефония жабдықтарын әкімшілендіру жөніндегі қызметтер шеңберінде мынадай жұмыстар орындалуы тиіс: - абоненттердің жаңа топтарын құру; - топтарға жаңа абоненттерді қосу; - дерекқорда жаңа абоненттерді құру; - қолданыстағы абоненттер туралы мәліметтерді өзгерту; - ақпараттың резервтік көшірмесін жасау; - маршрутизациялау жоспарын өзгерту/жаңа бағыттарды құру; - сыртқы желілерді қосу және баптау; - маршрутизатордағы конфигурацияны өзгерту; - CallManager серверіне жаңартуларды орнату; - CallManager серверлерінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру. 2.2.5. IP-телефония пайдаланушыларын әкімшілендіру жөніндегі қызметтер шеңберінде мынадай жұмыстар орындалуы тиіс: - телефон аппараттарын орнату және баптау; - бір телефон аппаратында бірнеше телефон желісін қолдау; - қоңырауды ұстап тұру функциясын баптау (Hold); - қоңырауды сөзсіз, «бос емес» сигналы бойынша немесе абонент белгіленген уақыт ішінде жауап бермеген жағдайда қайта бағыттау; - телефон конференцияларын ұйымдастыру; - жылдам теру функциясын баптау (Speed Dial); - нөмірді қайта теру функциясын баптау (Redial); - абонент желісі бос болмаған жағдайда кері қоңырау шалу функциясын баптау (CallBack); - телефон қоңырауларын ұстап алу функциясын баптау (CallPickupGroups); - дыбысты гарнитураға немесе дауыс зорайтқышқа шығара отырып, қоңырауға автоматты түрде жауап беру функциясын баптау (AutoAnswer); - телефон қосылысы туралы ақпаратты индикациялауды баптау. 2.2.6. Cisco Catalyst C8200 дауыстық шлюздеріне техникалық қолдау көрсету жөніндегі қызметтер шеңберінде мынадай жұмыстар орындалуы тиіс: - E1 интерфейстерінің жұмысқа қабілеттілігін қолдау; - E1 ағындарына мониторинг жүргізу; кіріс және шығыс қоңыраулардың цифрларын өзгерту; құрылғы конфигурациясының резервтік көшірмесін жасау; ақауларды іздеу және жою; - құрылғының бағдарламалық қамтамасыз етуін (Cisco IOS бағдарламалық қамтамасыз етуі) жаңарту. 2.2.7. Дауыстық желінің аппараттық-бағдарламалық кешеніне техникалық қолдау көрсету жөніндегі қызметтер шеңберінде мынадай жұмыстар орындалуы тиіс: IP-АТС телефония жүйесі құрылғыларының жұмысқа қабілеттілігін тексеру; CallManager жүйелік сервистерінің жұмысқа қабілеттілігіне мониторинг жүргізу; IP-АТС телефония жүйесі серверінің процессоры мен жедел жадының жүктемесіне мониторинг жүргізу; IP-АТС телефония жүйесі серверінің операциялық жүйесін басқару. 2.3. Әкімдіктің деректерді беру желілері мен телекоммуникациялық жабдықтарын сүйемелдеу жөніндегі қызметтерге қойылатын талаптар 2.3.1. Әкімдіктің деректерді беру желілері мен телекоммуникациялық жабдықтарын сүйемелдеу режимдік үй-жайларды қоспағанда, Тапсырыс

	берушінің объектісінде жүзеге асырылуы тиіс. 2.3.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Жеткізуші электрондық және қағаз жеткізгіштерде мынадай құжаттаманы ұсынуы тиіс: - физикалық қосылу схемасы (L1); - логикалық қосылу схемасы (L2); - маршрутизациялау схемасы (L3); - орталық коммутатордың қолданыстағы жұмыс конфигурациясы; - қабаттық коммутаторлардың қолданыстағы жұмыс конфигурациясы; - қосылыстарды терминациялау нүктесін көрсете отырып, қашықтағы нүктелерді (VPN) қосу схемасы; - сыртқы байланыс арналарының қосылу схемасы; серверлік жабдықты корпоративтік деректерді беру желісіне (КДБЖ) қосу схемасы. 2.3.3. Әкімдіктің корпоративтік есептеу желісін әкімшілендіру жөніндегі қызметтер мен жұмыстардың құрамына мынадай жұмыстар кіреді: құрылымдалған кабельдік жүйені (ҚКЖ) әкімшілендіру. 2.3.4. Жеткізуші корпоративтік есептеу желісіне мониторинг және әкімшілендіру жүргізіп, орындалған жұмыстар туралы есептерді (туындаған қателер, оларды түзету бойынша қабылданған шаралар, желілік жабдықты әкімшілендіру мен оның жұмысын оңтайландыруды жетілдіру бойынша талдау және ұсыныстар) ұсынуы тиіс. 2.3.5. Деректерді беру желісінің телекоммуникациялық жабдықтарын техникалық сүйемелдеу жөніндегі қызметтерге мыналар кіруге тиіс: деректерді беру желісінің ядросын әкімшілендіру; коммутаторларды әкімшілендіру. 2.3.6. Әкімдіктің жергілікті есептеу желісі құрылымдалған кабельдік жүйені пайдалана отырып салынған және жергілікті ақпараттық жүйе шеңберінде ақпарат берудің физикалық ортасы болып табылады. Желілік инфрақұрылым екі деңгейден тұрады. 2.3.7. Ядро деңгейі – орталық коммутаторлар қамтамасыз ететін деңгей. 2.3.8. Қолжетімділік деңгейі – кросстық коммутаторлар қамтамасыз ететін деңгей. 2.3.9. Жеткізуші телекоммуникациялық жабдыққа техникалық қолдау көрсетуді және орнатылған бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқаларын өндірушінің сервис орталығының уәкілетті өкілдері арқылы ағымдағы жаңартуды қамтамасыз етуі тиіс. 2.3.10. Коммутаторды әкімшілендіру. 2.3.11. Коммутаторлар кәсіпорын ауқымындағы желілерді құру кезінде пайдалануға бағдарланған, өнімділігі жоғары көпдеңгейлі коммутаторлар тобын білдіреді. 2.3.12. Жеткізуші мынадай негізгі басқару функцияларын орындауы тиіс: - маршрутизаторлар мен коммутаторлардағы конфигурацияны баптау және сүйемелдеу; - коммутаторларда жергілікті есептеу желісінің VLAN желілерін ұйымдастыру және қолдау; - коммутаторларда әрбір VLAN үшін қол жеткізу тізімдерін баптау; коммутаторлардың физикалық интерфейстерінде қауіпсіздік параметрлерін баптау; - маршрутизатор функцияларын қолдайтын құрылғыларда маршрутизацияны баптау; - құрылғыны қауіпсіз әкімшілендіруді қамтамасыз ету; - осы құрылғының интерфейстік порттарын баптау; - коммутатордың әрбір портында қауіпсіздік параметрлерін баптау; - порттардың атауларын тексеру, порттардың жылдамдығын баптау, порттарды толық дуплексті жұмыс режиміне ауыстыру; - коммутатормен жұмыс істеу кезінде пайдаланушы сеанстарын тексеру; - IP-телефонияның рұқсат етілген IP-мекенжайларының тізімдерін

	конфигурациялау. 2.3.13. Коммутаторларды әкімшілендіру. 2.3.13.1. Коммутаторлар сериясы орта деңгейдегі жергілікті желілерді ұйымдастыруға арналған коммутаторлар желісін білдіреді. Коммутаторларды стекке біріктіруге болады, бұл жергілікті желінің өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. 2.3.13.2. Коммутаторларды Жеткізуші мынадай негізгі басқару функциялары бойынша әкімшілендіруі тиіс: - маршрутизаторлар мен коммутаторлардағы конфигурацияны баптау және сүйемелдеу; - коммутаторларда жергілікті есептеу желісінің VLAN желілерін ұйымдастыру және қолдау; - коммутаторларда әрбір VLAN үшін қол жеткізу тізімдерін баптау; - коммутаторлардың физикалық интерфейстерінде қауіпсіздік параметрлерін баптау; - маршрутизатор функцияларын қолдайтын құрылғыларда маршрутизацияны баптау; - құрылғыны қауіпсіз әкімшілендіруді қамтамасыз ету; - осы құрылғының интерфейстік порттарын баптау; - коммутатордың әрбір портында қауіпсіздік параметрлерін баптау; - порттардың атауларын тексеру, порттардың жылдамдығын баптау, порттарды толық дуплексті жұмыс режиміне ауыстыру; - коммутаторларда жұмыс істеу кезінде пайдаланушы сеанстарын тексеру; - IP-телефонияның рұқсат етілген IP-мекенжайларының тізімдерін конфигурациялау; - Жеткізуші Тапсырыс берушіге коммутаторлардың өзекті конфигурациялық файлдарын электрондық түрде ұсынуы тиіс. 2.3.14. Астана қаласы «Сарайшық» ауданы әкімінің аппаратында жергілікті желіге қосылу жұмыс станциясына дейін қамтамасыз етіледі. Белсенді жабдықты Тапсырыс беруші ұсынады. 2.3.15. Пайдаланушыларды жергілікті есептеу желісіне қосу мынадай қызметтерді қамтиды: - құрылымдалған кабельдік жүйе коммуникацияларын монтаждау жұмыстары; - жергілікті желіге қосу; - кабельдік арнаны монтаждау; - кабельді кабельдік арнаға төсеу; - кабельдік арнасыз жергілікті есептеу желісінің кабельдерін тарту; - ақпараттық розетканы жөндеу; - жарамсыз ақпараттық розетканы Жеткізушінің есебінен ауыстыру; - RJ-45 және RJ-11 коннекторларын қысу; біріктірілген жергілікті желінің ағымдағы коммутациясын жүргізу. Пайдаланушыларды желіге қосу кезінде пайдаланылатын шығыс материалдар (кабель, коннектор, кабель-арна және т.б.) Жеткізушінің есебінен қамтамасыз етіледі. Тапсырыс берушінің үй-жайларында құрылыс-жөндеу жұмыстары жүргізілген жағдайда, Жеткізуші желілік кабельдерді бөлшектеу мен қайта монтаждауды жүзеге асыруға міндеттенеді. 2.3.16. Желілік жабдықтарға абоненттік қызмет көрсету. 2.3.16.1. Желілік жабдықтарға абоненттік қызмет көрсетуге мынадай жұмыстар кіреді: - желілік жабдықтарға профилактикалық қызмет көрсету; - желілік жабдықтарды диагностикалау; - желілік жабдық құрылғыларын ағымдағы жөндеу; жедел қызмет көрсету. 2.3.16.2. Желілік жабдықтарға абоненттік қызмет көрсету техниканың нақты түріне арналған нормативтік-техникалық және пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалуы тиіс. 2.3.17. Профилактикалық қызмет көрсету. 2.3.17.1. Желілік жабдықтарға профилактикалық қызмет көрсету техниканың істен шығуын және мерзімінен бұрын тозуын болдырмау мақсатында белгіленген

	кезеңділікпен, тең уақыт аралықтарында жүргізілуі тиіс. Жеткізуші желілік жабдықтарға профилактикалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуі тиіс. 2.3.17.2. Желілік жабдықтарға профилактикалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер көлеміне мынадай жұмыстар кіреді: - қорғаныш қаптамаларын шешіп алу; - жабдық бөлшектеріне еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету; - жабдықты шаңнан тазарту үшін сығылған ауамен үрлеу; - бөлшектердің, тораптардың, механизмдер мен электрондық платалардың техникалық жай-күйін көзбен шолып тексеру; - техникалық параметрлер бойынша реттеулерді тексеру және қалпына келтіру; - техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес жабдықты майлау; - жабдықты бақылау және жұмыс материалдарында тексеру, тестілеу, қорғаныш қаптамаларын орнына орнату. 2.4. Компьютерлік және перифериялық жабдықтарға техникалық сүйемелдеу көрсету жөніндегі қызметтерге қойылатын талаптар 2.4.1. Компьютерлік жабдықтарға техникалық сүйемелдеу көрсету қызметтерін пайдаланушылар Тапсырыс берушінің қызметкерлері және ол тартатын мамандар болып табылады. 2.4.2. Компьютерлік жабдықтарға техникалық сүйемелдеу нақты техника түріне арналған нормативтік-техникалық және пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалуы тиіс. 2.4.3. Тапсырыс берушінің компьютерлік жабдықтарына техникалық сүйемелдеуді бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату, баптау және Әкімдіктің бірыңғай желісіне қосу, дербес компьютерлерге қызмет көрсету дағдылары бар, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өткен Жеткізушінің мамандары жүзеге асырады. 2.4.4. Компьютерлік және перифериялық жабдықтарға техникалық сүйемелдеу Астана қаласы «Сарайшық» ауданы әкімінің аппараты үшін ғана көрсетіледі және Астана қаласы Әкімдігінің құрылымдық бөлімшелері үшін көрсетілмейді. 2.4.5. Тапсырыс берушінің компьютерлік жабдықтарына техникалық сүйемелдеу көрсету қызметтері Тапсырыс беруші пайдаланушыларының өтінімдері негізінде жүзеге асырылады. Келіп түскен әрбір өтінім кейіннен Тапсырыс берушіге есеп ұсыну үшін өтінімдерді өңдеуге арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуде тіркеледі. 2.4.6. Техникалық қызмет көрсетуге Тапсырыс берушінің түгендеу нөмірлері бар жабдықтар қабылдануға тиіс. 2.4.7. Есептілікке және көрсетілген қызметтер актілерін ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптар: 2.4.7.1. Тапсырыс беруші есептілікті талдау негізінде қызмет көрсету сапасына бақылау жүргізеді. Есептердің нысанын Тапсырыс беруші бекітеді. Жеткізуші көрсетілген қызметтер туралы есептерді ұсынуы тиіс. 2.4.7.2. Жеткізушінің Пайдаланушы өтінімін орындағанын растайтын бастапқы құжат көрсетілген қызметтер актісі болып табылады. Көрсетілген қызметтер актісі Жеткізуші қызмет көрсеткеннен кейін бірден Пайдаланушының жұмыс орнында ресімделуге тиіс. Актіде актінің нөмірі мен күні, өтінімнің келіп түскен уақыты, инциденттің жойылған уақыты, пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты, Тапсырыс берушінің атауы (Әкімдікке ведомстволық бағыныста мемлекеттік мекеменің атауы), бөлім, кабинет, пайдаланушының телефон нөмірі, шақыру

	себебі, ақауды жою бойынша қабылданған шаралар, өтінімді орындаушының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілуі тиіс. Акті орындалған жұмысты қабылдаған Тапсырыс беруші пайдаланушысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген қолымен, сондай-ақ жұмысты орындаған орындаушының қолымен куәландырылады. 2.4.8. Компьютерлік жабдықтарға техникалық сүйемелдеу көрсету жөніндегі қызметтерге мыналар кіреді: - компьютерлік және перифериялық жабдықтарды орнату, баптау және Әкімдіктің бірыңғай желісіне қосу; - пайдаланушылардың лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуін (БҚ) Тапсырыс берушінің дистрибутивінен орнату және қалпына келтіру; - компьютерлік және перифериялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету (профилактика); - компьютерлік және перифериялық жабдықтарды диагностикалау. 2.4.8.1. Компьютерлік жабдықты орнату, баптау және қосу жөніндегі қызметтер шеңберінде мынадай жұмыстар орындалуы тиіс: - қажет болған жағдайда, компьютерлік және перифериялық жабдықтарды жинақтамасымен бірге пайдаланушының жұмыс орнына жеткізу және қаптамасынан шығару; - перифериялық құрылғыларды (пернетақта мен тінтуірді) жұмыс станциясына қосу; - мониторды жұмыс станциясына қосу; - қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің дистрибутивтерінен жұмыс станциясына бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату; жұмыс станциясын Әкімдіктің бірыңғай желісіне қосу. 2.4.8.2. Компьютерлік және перифериялық жабдықтардың техникалық жай-күйін Жеткізушінің маманы Тапсырыс берушінің қатысуымен пайдалану орнында тексеру жүргізу арқылы айқындауы тиіс. 2.4.8.3. Ақаулы компьютерлік және перифериялық жабдық диагностика жүргізу үшін беріледі. Жабдық жөндеуге жарамсыз болған жағдайда, оның техникалық жай-күйіне сараптама жүргізіліп, Тапсырыс берушіге ақау актісі беріледі. 2.4.8.4. Компьютерлік және перифериялық жабдықтардың техникалық жай-күйін тексеру жабдықты бөлшектеу, істен шыққан жинақтауыш бөлшектерді анықтау және ақау актісін жасау жөніндегі операциялар кешенін қамтуы тиіс. 2.4.8.4.1. Компьютерлік және перифериялық жабдықтарды жөндеу мынадай қызметтерді қамтуы тиіс: - қорғаныш қаптамаларын бөлшектеу/монтаждау; - ауыстыруға немесе қалпына келтіруге жататын жекелеген бөлшектердің, тораптардың, механизмдер мен платалардың ақауларын көзбен шолып тексеру, бақылау өлшемдерін жүргізу және анықтау; - ақаулы бөлшектерді, тораптарды, механизмдерді, платалар мен құрылғыларды ауыстыру немесе қалпына келтіру; - жабдық бөлшектерін әдеттегі техникалық қызмет көрсету көлемінен асатын көлемде тазалау; - бөлшектер мен тораптарды майлау (қажет болған жағдайда); - жабдықты техникалық және электрлік параметрлер бойынша реттеу; - жабдықтың дұрыс жұмыс істеуін бақылау және тестілеу стендінде тексеру; - жабдықты пайдалануға тапсыру. 2.4.8.4.2. Жөндеу жүргізілгеннен кейін 2 күн ішінде Жеткізуші көрсетілген қызметтер актісін 2 данада жасап, жабдықты Тапсырыс берушіге тапсыруы тиіс. 2.4.8.4.3. Жабдықтың жекелеген бөлшектері ауыстырылған жағдайда ақау актісі жасалуы тиіс. Ауыстырылған бөлшектер туралы мәліметтер жабдықтың

	электрондық паспортына енгізілуі тиіс. 2.4.8.5. Тапсырыс берушінің дистрибутивінен пайдаланушылардың лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуін (БҚ) орнату және қалпына келтіру жөніндегі қызметтер шеңберінде мынадай жұмыстар орындалуы тиіс: 2.4.8.5.1. Жұмыс станцияларына жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді орнату Тапсырыс беруші пайдаланушыларының өтінімдері негізінде жүргізілуі тиіс. 2.4.8.5.2. Компьютерлік жабдыққа орнатылатын бағдарламалық құралдардың құрамын Тапсырыс беруші айқындайды. 2.4.8.5.3. Жабдық немесе бағдарламалық қамтамасыз ету істен шыққан жағдайда операциялық жүйелерді, қолданбалы БҚ мен ақпараттық жүйелерді қалпына келтіру Өзара іс-қимыл регламентінде белгіленген мерзімдерде жүргізілуі және Тапсырыс берушінің дистрибутивтерінен жүйелік және қолданбалы БҚ орнатуды қамтуы тиіс. 2.4.8.6. Компьютерлік жабдықтарға техникалық қызмет көрсету (профилактика) жөніндегі қызметтер шеңберінде мынадай жұмыстар орындалуы тиіс: - қорғаныш қаптамаларын бөлшектеу/монтаждау; - жабдық бөлшектеріне еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету; - жабдықты шаңнан тазарту үшін сығылған ауамен үрлеу; - ластанған бөлшектер мен механизмдерді тазалау; - бөлшектердің, тораптардың, механизмдер мен электрондық платалардың техникалық жай-күйін көзбен шолып тексеру; - техникалық параметрлер бойынша реттеулерді тексеру және қалпына келтіру; - техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес жабдық бөлшектерін майлау; - жабдықты бақылау және жұмыс материалдарында тексеру және тестілеу; - қажет болған жағдайда, принтерлердегі шығыс материалдарын Тапсырыс берушінің материалдарын пайдалана отырып ауыстыру (бояғыш таспа, тонер, картридж және басқалары). 2.4.8.6.1. Жүйелік блокты, мониторды, пернетақтаны және манипуляторды (тінтуірді) тексеру мынадай тәртіппен жүргізілуі тиіс: - жүйелік блокты, мониторды, пернетақтаны ашу; - бөлшектерді шаңнан тазарту үшін үрлеу; - бөлшектерде ақаулардың бар-жоғын тексеру; - кабельдерде зақымданулардың бар-жоғын тексеру; - қуат блогының немесе процессордың желдеткішінде бөгде шудың бар-жоғын тексеру; - пернетақта пернелерінің басылып қалып қоюын тексеру; - сыртқы ақаулар болмаған жағдайда пернетақта ашылмайды; - манипуляторды (тінтуірді) ашу, шаң қабатының бар-жоғын сырттай тексеру және оны кейіннен жою; - жүйелік блок пен манипуляторды (тінтуірді) жинау және дербес компьютердің жұмысқа қабілеттілігін тексеру. 2.4.8.6.2. Принтерлерге қызмет көрсету мынадай талаптар мен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылуы тиіс: - принтердің корпусын бөлшектеу/монтаждау; - қағаз тасымалдағышпен жанасатын беттерді ақаулардың, ластанулардың, зақымданулардың және шаң қабатының бар-жоғына сыртқы және ішкі тексеру; - бөлшектерді тазалау, қажет болған жағдайда майлау; - картриджді ақаулардың, зақымданулардың және шаң қабатының бар-жоғына сырттай тексеру, кейіннен оларды жою немесе картриджді ауыстыру; - картриджді толтыру кезеңділігі басып шығару сапасына қарай айқындалады; - принтердің жұмысқа қабілеттілігі мен басып шығару

	сапасын тексеру. 2.4.8.7. Компьютерлік жабдықты диагностикалау жөніндегі қызметтер шеңберінде мынадай жұмыстар орындалуы тиіс: компьютердің негізгі қосалқы жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігі мен өнімділігін тестілеу параметрлерінің әртүрлі үйлесімдері кезінде талдауға мүмкіндік беретін әртүрлі тестілерді жүргізу, ДК жұмысының оңтайлы режимдерін таңдау; - жүйенің істен шығуға төзімділігін талдау; - компьютер құрамына кіретін құрылғылардың үйлесімділігі мен жұмысқа қабілеттілігін талдау. Бұл талдау конфигурацияны зерттеуге және қолданыстағы проблемаларды талдауға мүмкіндік береді; - процессордың электрлік және жылулық параметрлерін, процессор мен компьютердің қуат блогының салқындатқыш желдеткіштерінің жұмысын бақылау. 2.4.9. Процессордың, жедел жадтың, қатты дискінің жүктемесін, своп-файлдың өлшемін және т.б. айқындау. 2.5. Әкімдіктің ішкі және көшпелі кеңестерін (есептік кездесулерін, іс-шараларын) өткізуге жедел қызмет көрсету және техникалық дайындықты қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге қойылатын талаптар 2.5.1. Жеткізуші жабдықты тасымалдауды қоса алғанда, ішкі және көшпелі онлайн және офлайн кеңестерді өткізуге жедел қызмет көрсетуді және техникалық дайындықты қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте бейнеконференцбайланыс жабдықтарын, конференц-жүйелерді, сондай-ақ бейнехаттамалау және бейнебақылау жүйелерін, проекторды орнату, баптау және тестілеу, слайдтарды көрсету, сондай-ақ кеңес өткізу барысында техникалық сүйемелдеу жұмыстары қамтылуы тиіс. 2.5.2. Сүйемелденетін жабдықтар тізбесіне аудиоконференция жүйесінің жабдықтары кіреді. 2.5.3. Жеткізуші Әкімдіктің мәжіліс залдарында бейнеконференцбайланыс жабдықтарын, конференц-жүйелерді, сондай-ақ бейнехаттамалау және бейнебақылау жүйелерін, проекторды қосу схемаларын әзірлеуі тиіс. 2.5.4. Жеткізуші бейнеконференцбайланыс жабдықтарының, конференц-жүйелердің, сондай-ақ бейнехаттамалау және бейнебақылау жүйелерінің, проектордың төмендегі көрсеткіштер бойынша күнделікті тексерілуін қамтамасыз етуі тиіс: - тұрақты жұмыс істеуі; - операциялық жүйенің дұрыс жұмыс істеуі және контенттің дұрыс көрсетілуі; - жергілікті және сымсыз желіге қосылуы; - бағдарламалық-аппараттық құралдардың, оның ішінде планшеттік құрылғылардың жұмысқа қабілеттілігі; - зақымданулар мен ақаулардың (қызып кету, физикалық бұзылу) болмауы. 2.5.5. Жеткізуші коммутация және дауыс, бейне кескін мен бейнеконференцбайланысты беру жүйесінің жабдықтарындағы, одан әрі пайдалану кезінде жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін бұзуы мүмкін ақаулы тораптар мен бөлшектерді жедел жоюды қамтамасыз етуі тиіс. 2.5.6. Жеткізуші күн сайын Астана қаласы «Сарайшық» ауданы әкімінің аппаратының бейнебақылау камераларынан, бейнехаттамалау және конференц-жүйелерінен жазба жүргізуді және контентті Тапсырыс берушіге ұсынуды қамтамасыз етуі тиіс. 2.6. Принтерлерге, көшіру аппараттарына және көпфункционалды құрылғыларға арналған ақ-қара және түрлі түсті картридждерді толтыру және қалпына келтіру жөніндегі қызметтерге қойылатын талаптар 2.6.1. Принтерлерге, көшіру

	аппараттарына және көпфункционалды құрылғыларға арналған картридждерді толтыру және қалпына келтіру жөніндегі қызметтер мыналарды қамтиды: - бастапқы тестілеу, механикалық зақымданулардың бар-жоғын тексеру; - картриджді толық бөлшектеу және сығылған ауамен тонер қалдықтарынан тазарту; - картридждің түйіспелер тобын, коротронды, магниттік білігін тазалау, фотобарабан мен ракельдің тозу және зақымдану жай-күйін тексеру, картридж бөлшектерін - майлау; - тонермен толтыру; - шығыс сапасын бақылау; - чипті ауыстыру немесе қайта бағдарламалау; - толтырылған картридждерді тасымалдау пайдаланушылардың жабдықтарына және Тапсырыс берушінің аумағына денсаулыққа зиянды тонер бөлшектерінің шашылуын болдырмау мақсатында тығыз жабылған қара түсті полиэтилен пакеттерде жүзеге асырылуы тиіс. 2.6.2. Толтырылған және қалпына келтірілген картридждердің басып шығарылатын беттерінің ресурсы мен басып шығару сапасы картридж өндірушісінің сипаттамаларына сәйкес болуы тиіс. 2.6.3. Басып шығарылған мәтін бар парақта жолақтардың, тонермен ластанған учаскелердің, сондай-ақ тонер дақтарының болуына жол берілмейді. Парақтағы әрбір таңба анық басылуы, ал мәтін механикалық әсерлерге төзімді болуы тиіс. 2.6.4. Әрбір картриджде толтырылғаннан кейінгі салмағы туралы ақпараты бар бірегей штрих-коды бар жапсырма болуы тиіс. 2.6.5. Жеткізуші толтырылған картридждерді дербес таңбалайды және Тапсырыс берушіге есепті кезең үшін көрсетілген қызметтер актісін ұсынады. Актіде қызмет көрсетілген күн, картридждің атауы, таңбалау белгісі/картридж нөмірі, көрсетілген қызметтердің сипаттамасы көрсетілуі тиіс. 2.6.6. «Ақаулы өнімді» және оның салдарын жоюды Жеткізуші толығымен өз есебінен жүзеге асырады. 2.6.7. Принтерлерге, көшіру аппараттарына және көпфункционалды құрылғыларға арналған картридждерді қалпына келтіру қажеттілігі туындаған жағдайда, Жеткізуші қажетті жинақтауыш бөлшектермен, шығыс материалдарымен және қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етілуі тиіс. 2.6.8. Картриджді қалпына келтіру кезінде ауыстырылған тозған және зақымданған бөлшектер мен шығыс материалдарының құны, сондай-ақ картридждерді тасымалдау шығындары картридждерді қалпына келтіру және толтыру қызметінің құнына енгізіледі. 2.7. Сервистік-диспетчерлік қызмет арқылы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға техникалық сүйемелдеу көрсету жөніндегі қызметтерге қойылатын талаптар 2.7.1. Пайдаланушылардың сұрауларына (өтінімдеріне) барынша жылдам ден қоюды, өтінімдерге сәйкес жұмыстарды жедел орындауды және қызметтер көрсету кезеңінде инциденттерді жоюды қамтамасыз ету мақсатында Жеткізуші сервистік-диспетчерлік қызмет арқылы техникалық қолдауды ұйымдастыруы және қамтамасыз етуі тиіс. 2.7.2. Сервистік-диспетчерлік қызмет пайдаланушы алдында онымен келісілген сервистерді ұсыну үшін толық жауапты болады, өтінімдерді, шағымдар мен ұсыныстарды қабылдау орталығы болып табылады, сервистердің ағымдағы жай-күйін бақылайды және іркілістерді жоюға арналған нарядтарды беруге, сондай-ақ ақауларды жою процесін бақылауға өкілетті

	болады. 2.7.3. Сервистік-диспетчерлік қызмет Тапсырыс берушінің арнайы бөлінген телефон нөмірі арқылы өтінімдерді тәулік бойы қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс. 2.7.4. Жеткізуші жұмыс күндері сағат 07:30-дан 17:00-ге дейін техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуі тиіс. Сондай-ақ жұмыс күндері сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін, сенбі күндері сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін Тапсырыс берушінің мына мекенжайдағы объектісінде: А. Байтұрсынұлы көшесі, 29/2, кемінде 1 (бір) кезекші маманның қатысуымен техникалық сүйемелдеу көрсетілуі тиіс. Өзге жағдайларда, оның ішінде демалыс және мереке күндері, өтінімдердің келіп түсуіне қарай шақыру бойынша қызмет көрсетіледі. Кезекші қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты және кезекшілік күндері көрсетілген кезекшілік кестесін Жеткізуші бір айлық кезеңге жасайды және Тапсырыс берушіге ұсынады. 2.7.5. Регламенттелген өтінімдер бойынша қызмет көрсету сапасы мен мерзімдері, қызметтердің сапа деңгейінің ерекшелігі Өзара іс-қимыл регламентінде көрсетілген қызмет көрсету деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес қамтамасыз етілуі тиіс. 2.7.6. Регламенттелмеген өтінімдер бойынша қызметтердің сапа деңгейінің ерекшелігі мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс: - Сұрауларға жауап берудің ең ұзақ уақыты: телефон арқылы – 10 минут; - электрондық пошта арқылы – 1 сағат. Өтінімді орындаудың ең ұзақ мерзімі – 1 күн. 2.7.7. Тапсырыс берушіден келіп түсетін барлық өтініштер жеткізілу тәсіліне қарамастан тіркелуге, жіктелуге және туындаған проблеманың Жүйенің жұмысқа қабілеттілігіне әсер ету дәрежесіне (басымдығына) қарай өңделуге тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша сервистік-диспетчерлік қызметке келіп түскен өтініштер бойынша талдамалық есеп ұсынылуы тиіс. 2.7.8. Ең жоғары басымдық деңгейіндегі инциденттер бойынша жұмыстар өтінім келіп түскен сәттен бастап 5 минуттан кешіктірілмей басталуы тиіс. 3. Қызметтерді қабылдау тәртібі 3.1. Қызметтерді орындау шартты орындау бойынша көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) актісімен ресімделеді. Қызмет көрсету мерзімі – Шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанын қоса алғанда.
Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	

Приложение 16
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Государственное учреждение "Аппарат акима района "Сарайшық" города Астаны"
Наименование организатора	Государственное учреждение "Аппарат акима района "Сарайшық" города Астаны"
№ конкурса:	№ 17973635-1
Наименование конкурса:	Услуги по техническому обслуживанию компьютерной/периферийной оргтехники/ оборудования и их частей
Номер лота:	№ 85226112-ОК1
Наименование лота:	Услуги по техническому обслуживанию компьютерной/периферийной оргтехники/оборудования и их частей
